

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ  
ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ**

**Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті**

**2022-2023 оқу жылындағы Денсаулық сақтау (медицина) резиденттерін даярлау бағыты  
бойынша академиялық комитет Кеңесінің №2 мәжілісінің хаттамасы**

**Шымкент қаласы  
Бас ғимарат 205 аудитория**

**08.11.2022ж  
сағ 15-00**

**Қатысқандар:** Төрайымы- Жолымбекова Л.Д.  
Хатшы- Дәулетбай С.  
Академиялық комитет кеңесінің мүшелері  
**Қатыспағандар:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу.
2. Жаңа әзірленетін ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін тұжырымдау.
3. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау.

**1. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу мәселесі бойынша** 7R01114- Радиология БББ туралы ЖДП-1 кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Кулаев К.Т. сөз алды. Қазіргі таңдағы 7R01114 «Радиология» білім беру бағдарламасы бойынша дайындығы туралы айтып өтті. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2010 жылы бекітілген №0137408 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз. Кәсіби қызмет функциялары мен түрлері және кәсіби қызмет объектісі туралы мәлімет берді. БББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарының ішінде «Ағзалар мен жүйелер ауруларының сәулелік диагностикасы» пәні бойынша мемлекеттік тілде оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар толық емес. 7R01114 «Радиология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы 2020 жылы ашылуына байланысты 2022 жыл бітірген резиденттер 100% жұмысқа орналасты. Жұмыс берушілер Академиялық комитет кеңесінің құрамына кіреді және ББ талқылауға қатысады. БББ сапасын арттыру мақсатында жыл сайын жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижесіне сүйене отырып ББ сапасын арттыру үшін оңтайлы ұсыныстар құрастырылып, элективті пәндер таңдалады. Жергілікті еңбек нарығындағы мамандарға жоғары сұраныс артып отыр.

Сонымен қатар, алыс және жақын шетелдердің университеттерінен оқытушы-профессорлар шақыру, тиісті мамандарды шақыра отырып, резиденттерге білім беру тренингтерін ұйымдастыру және өткізу, қазақстандық, шетелдік жетекші университеттерімен резиденттердің академиялық ұтқырлығын қарастыру туралы ұсыныстар айтты.

**1.1.7R01112-Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың және 7R01111-Офтальмология ересектердің, балалардың БББ бойынша** Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеу бойынша «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., профессор У.А. Муканова сөз алды. Қазіргі таңда 7R01112-Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың білім беру бағдарламасы бойынша дайындығы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ –Түрік Университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2012 жылы бекітілген №013708 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз, бұл БББ 2020 ашылғанымен резидент қабылдау 2021 жылы болды сол жылы мемлекеттік грант негізінде 1 резидент қабылданды. 2022 жылы 2 резидент үш жақты келісімшарт пен қабылданды.

**7R01111-Офтальмология ересектердің, балалардың білім беру бағдарламасы бойынша** дайындығы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ҚР ҒБМ тарапынан 03.02.2012 жылы бекітілген №013708 санды мемлекеттік лицензиясына қосымшаға сәйкес жүзеге

асырылады. Лицензияның әрекет ету мерзімі шексіз. БББ 2020 жылы ашылып 10 резидент қабылданған оның 8-туркия квотасы, 2-ақылы түрде. 2021 жылы 1 резидент үш тарапты келім шартпен оқуға қабылданды. 2022 жылы 3 резидент оқуға түсті оның 2 ақылы түрде, 1 үш тарапты келісім шарт негізінде оқыйды. БББ 2020 жылы ашылуына байланысты бітірген резиденттеріміз жоқ. Алайда БББ пәндерін оқыту барысында мемлекеттік тілдегі оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың және виртуалды манекендердің жетіспейтіндігін мәлімдеді.

БББ сапасын арттыру мақсатында жыл сайын жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижесіне сүйене отырып ББ сапасын арттыру үшін оңтайлы ұсыныстар құрастырылып, элективті пәндер таңдалады. Жергілікті еңбек нарығындағы мамандарға жоғары сұраныс артып отырғандығын айтып өтті.

**1.2 Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу мәселесі бойынша 7R01113-Психиатрия ересектердің, балалардың БББ бойынша «Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Г.Б.Абасова сөз алды. Қазіргі уақыттағы 7R01113-Психиатрия ересектердің, балалардың білім беру бағдарламасы бойынша дайындығы туралы айтып өтті. БББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарының ішінде «Медициналық психология» пәні бойынша мемлекеттік тілде оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар аз. Бұл мамандық бойынша білім беру бағдарламасы 2020 жылы ашылуына байланысты 2022 жыл бітірген резиденттер 100% жұмысқа орналасты. Жұмыс берушілер Академиялық комитет кеңесінің құрамына кіреді және ББ талқылауға қатысады. БББ сапасын арттыру мақсатында жыл сайын жұмыс берушілер арасында сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижесіне сүйене отырып ББ сапасын арттыру үшін оңтайлы ұсыныстар құрастырылып, элективті пәндер таңдалады. Алыс және жақын шетелдердің университеттерінен оқытушы-профессорлар шақыру, тиісті мамандарды шақыра отырып, резиденттерге білім беру тренингтерін ұйымдастыру және өткізу, қазақстандық, шетелдік жетекші университеттерімен резиденттердің академиялық ұтқырлығын қарастыру туралы ұсыныстар айтты.**

#### **ШЕШІМ №1:**

Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерінің мәліметтері назарға алынсын. Жоспарланған іс-шаралар жүзеге уақтылы іске асырылуы қадағалансын (*жауапты: «ЖДП-1» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. К.Т. Кулаев, «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., профессор У.А. Муканова, «Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Г.Б.Абасова*)

**2. Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедра меңгерушісі, профессор У.А. Муканова сөз алып «Ангиохирургия ересектердің, балалардың» білім беру бағдарламасын дайындау процесінде екенін айтып өтті. Біздің бүгінгі мақсатымыз білім беру бағдарламасының мақсаты және оқыту нәтижелерін тұжырымдап, айқындауы керектігін айтты.**

Резидентура мақсаты ретінде білім алушы резидентураны бітірген соң өз мамандығы бойынша білікті болуы маңызды екендігін айта кете БББ мақсатын келесі түрде тұжырымдады: «Ангиохирургия» мамандығы бойынша өз бетінше жұмыс істеу үшін маман дәрігерлердің сапасына қойылатын заманауи талаптарға жауап беретін білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау. Кеңес мүшелері бұл тұжырымға оң баға беріп, мақұлдады.

#### **ШЕШІМ №2:**

«Ангиохирургия ересектердің, балалардың» білім беру бағдарламасының мақсаты және оқыту нәтижелері толық дайындалып, сараптамаға жіберуге әзірленсін (*жауапты: «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., профессор У.А. Муканова*)

**3. Күн тәртібінің үшінші сұрағы оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау бойынша «Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Г.Б.Абасова сөз алды. Резидент-дәрігерлердің даярлық деңгейіне қойылатын**

талаптар білім алушылардың қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелеріні тұжырымдау керектігін атап өтіп, Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы негізінде жасалуын айтты және де келесі оқыту нәтижелерін ұсынды:

1. Пациентке жетекшілік жасау: медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді практика негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті;
2. Коммуникация және коллаборация: пациент үшін үздік нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның айналасымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара іс-қимыл жасауға қабілетті;
3. Қауіпсіздік және сапа: медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалауға және неғұрлым тиімді әдістерді пайдалануға қабілетті;
4. Қоғамдық денсаулық сақтау: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру саласы шеңберінде өз мамандығы бойынша әрекет етуге, төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіби емес командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті;
5. Зерттеулер: барабар зерттеу мәселелерін тұжырымдауға, кәсіби әдебиетті сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық дерекқорларды тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті;
6. Оқыту және дамыту: өз бетінше оқуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың өзге де нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.

### ШЕШІМ №3:

Мәлімет назарға алынсын. Оқыту нәтижелерінің орындалуы қадағалансын. (жауапты: кафедра меңгерушілері)

1. Әр түрлі мәселелер болған жоқ.

АК төрайымы:



Л.Жолымбекова

Хатшы:



С.Дәулетбай